

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Латын әліпбиі - Рухани Тәуелсіздікке жасалған жарқын қадам!

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.06.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/77470/>

Қоғамдағы ең қызу пікірталастың өзегі болған латын әліпбиін талқылауға жалпы халық белсене қатысты. Бұл туралы Елбасының өзі: «- **Латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің ұсынылған жобасын бекіту туралы жарлық шығару қажет. Комиссия жұмысын аяқтады. Соңғы нұсқа жарияланды. Ғалымдар, тілтанушылар, саясаткерлер, жастар және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері ортақ мәмілеге келді. Жалпы, қоғам қолдап отыр,**» - деп мәлімдеді.

Иә, қоғамдағы өткір пікірталастың арқасында латын әліпбиінің парламентте таныстырылған алғашқы нұсқасы қабылданбай қалғанын жақсы білеміз.

Мұндағы ең басты дау - қазақтың төл дыбыстарының екі әріпті болып келуі еді. Бұндай көңілге қонымсыз нұсқа түсініксіздік пен қолайсыздыққа тап қылатыны анық еді. Бір қуанарлығы, Елбасы алғашқы нұсқаға қол қоймай, бүкілхалықтық талқылауды жалғастырғандықтан, ақыры міне, жүздеген нұсқадан төл дауысты дыбыстарымызды апострофпен белгілеген екінші нұсқа қабылданды.

Алғашқы нұсқадағы халыққа ұнамаған, қос әріпті болып келген қазақтың төл дауысты - ә, ө, ү және т.б. дыбыстар жаңа нұсқада толық шешімін тауып, енді олар бір әріппен белгіленетін болды. Әріптің үстіңгі оң жағына апостроф, яғни үтір қойылады.

Латын әліпбиіне өтуді өзінің Ұлттық концепсиясында 2007 жылдан бері көтеріп келе жатқан «Ақ жол» партиясы да латын әліпбиін талқылаған келелі кеңестер өткізіп, өз ұсыныстарын жіберген еді. Президент Жарлығымен бекітілген Латын әліпбиінің нұсқасындағы қазақы төл дауысты дыбыстарымыздың апостровпен белгіленуі «Ақ жол» партиясының ұсынысы екенін бұдан бұрын да жазған болатынбыз.

«Қазақ үні» газеті латын әліпбиінің алғашқы нұсқасындағы даулы әріптерге байланысты жүйелі түрде қарсы мақалалар жариялады. Бұл тақырыпқа оншақты жылдан бері қалам тартып келе жатқандықтан «**ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ ҚАЗАҚ ҮШІН ЖАҢАРУЫ КЕРЕК**» деген, елден ерекше қолдау тапқан мақаламызда қазақтың төл дауысты дыбыстарының қос әріппен белгіленуіне - диграфтарға қарсы шығып, онда өзге

нұсқа ұсынған болатынбыз.

Осы ұсынылған нұсқадағы 11 әріптің 9 әріпі жаңа нұсқада, яғни, Президент жарлығымен бекітілген латын әліпбиінде қабылданыпты.

Бұл нұсқаға да көңілі толмай жатқандар болса, оған қалыпты жағдай ретінде қарау керек. Біздің айтарымыз, ең басты талап – жаңа әліпби клавиатураға негізделуі керек болды. Сондықтан да, кілең тіл мамандары мен тілші ғалымдардан құралған комиссия «өгізді де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайттын», қазақы төл дауысты дыбыстарымызды екі әріппен белгіленуден құтқарып қалған осы нұсқаны қабылдады. «Қазақ әліпбиі қазақ үшін бе, әлде компьютер үшін бе?»-деп мақала жазсақ та, біз де осындай нұсқа ұсынуымызға тура келді.

Бұл нұсқаға да көңілі толмайтындар бұл нұсқа «бір дыбыс- бір әріп» талабынан шыққанмен, «бір дыбыс – бір таңба» талабына келмей тұр» деген пікірлерін айтып қалуда. Әрине, Тіл институты ұсынған нұсқа, яғни түрік әліпбиіне негізделген нұсқа жақсы болар еді, бірақ ондағыдай қазақы әріптердің оң жағына емес, үстіне сызықша немесе ноқат қойылған әріптер клавиатурада жоқ, өзге елде қазақша жазуда қиындыққа ұшыратады. Біз алдында солай, қазақы әріптердің үстіне ноқат та, сызықша да қойып ұсынғанбыз, ол өкінішке орай өтпеді. «Түркия секілді үстіне сызықша немесе ноқат қойылған әріптерді жасай салу қиын ба?» – дегендерді де оқып жатырмыз. Оларға айтарымыз, егер клавиатурада жоқ әріптерді жаңадан жасайтын болсақ, онда түрік нұсқасына жабысып, жаңа әріп жасағанша, өзіміздің қазақы төл дыбыстарымызды сол күйінде қалдыра салмаймыз ба? Тағы да қайталап айтамыз, талап – клавиатурада бар таңбалардан әріп жасау болып отыр. Сондықтан да арнайы жұмыс тобына біз осындай апострофтарға жүгінген нұсқаны ұсынуға мәжбүр болдық.

Алғашқыда бәрі тосын болатыны белгілі, ешнәрсе оңай қабылданбайды. «Көш жүре түзеледі» дегендей, бұл жаңа қазақ әліпбиіндегі 32 әріп енді 32 тістен шыққан соң, өмірде қолдану барысында сүзгіден өтетіні анық. Уақыт елегінен өтіп, өмір өз түзетулерін жасайтынын да ұмытпайық!

Енді етектен тарта бермей, Ел болып, еңсе көтеріп, Еркін рухтағы әліпбиімізді өмірге енгізуде ерен екпінмен еңбек етуіміз керек! Кертартпалықтың тигізген кесір-кесепаты аз емес!.. Бірнәрсе біліп, сынаса, мейлі ғой, «Анау қарсы шыққан екен, мен де қарсы шықсам, қатардан қалмаспын» – деген тобырлық пиғылдың тобықтан қаққаннан басқа толық шешімін тапқан іске тигізер пайдасы жоқ екенін түсінуіміз керек.

Ең бастысы, 2017 жылы 26 қазан күні – 1940 жылы Кеңес империясы күшпен бір күнде кіргізе салған кириллица қорасында 77 жыл қамалған әліпбиіміз бодандықтан босаған күн!

Бостан рухқа бағытталған Көшіміз қозғалды, көлікті болсын дейік! Мемлекеттік

тілімізді міндеттеу туралы мақалаларымызда талай жазғандай, «ЖҮЗУДІ ҮЙРЕНУ ҮШІН СУФА ТҮСУ КЕРЕК!» <https://qazaquni.kz/2011/09/14/8911.html>

Сондықтан, қазақ руханиятындағы тарихи күн – 2017 жылғы 26 қазанды Латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиі күні деп белгілесе, артық емес.

Латын әліпбиіне өту – Рухани Тәуелсіздікке жасалған болашағы зор жарқын қадам!

Елбасымыз өз сөзінде нақтылап айтқандай, Латын әліпбиі қабылданған соң, мемлекеттің негізгі ресми әліпбиі ретінде жұмыс істейтін болуы тиіс.

Мемлекеттік әліпби – мемлекеттің тұтастығы үшін қызмет етуі керек.

Мемлекеттік латын әліпбиі – мемлекеттік тілдің заңды төріне шығуына жол ашуы тиіс!

Тағы да қайталап айтамыз, Латын қарпін талқылауда зор белсенділік көрсеткен халық енді жаңа әліпбиімізді өмірге енгізуде де қарқынды қайрат танытуы керек.

Рухани жаңғыруымызға темірқазық болып отырған жаңа әліпбиіміздің тегеуріні мықты, болашағы айқын болады деп сенеміз.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.